

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Железняк Ю.Д. , Ивойлов А.В. Волейбол.-М.,1991.
2. Жалпы мектептерге арналған дене тәрбиесінің бағдарламасы. –Астана, 2003.
3. Матвеев Л.П. Дене тәрбиесінің теориясы мен тәсілі -М. , 1987.
4. Спорт ойындары жинағы. - А., 1988.

ШЕТ ТІЛДЕР САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мусатова А.У. ҚМПИ

шет тіл: екі шет тілі мамандығының

3 курс студенті,

Шалғымбекова Ә.Б, педагогика кафедрасының

аға оқытушысы, ғылыми жетекшісі

Ойын–бұл қоғамдық тәсілді меңгеру мақсатында, ситуациялық жағдайда, бағытты түрде іскерлігін көрсететін, өзін-өзі басқаруын жетілдіретін іс-әрекет. Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптасырады. Бала ойын үстінде дүниетанудағы өз мүмкіншілігін сезінумен қатар айналасындағы адамдар мен олардың әрекетіне көңіл аударады, заттың ішкі мазмұнын білгісі келеді.

С.Л. Рубинштейн жазған: «Адамның ойыны–іс-әрекеттің нәтижесі, сол нәтиже арқылы адам қоғамды өзгертеді және шындықты дәлелдейді». М. Жұмабаев былай деп жазады: «Баланың қиялдануы өте ашық ойын арқылы көрінеді. Ойын, бала үшін, ең негізгі еңбек болып табылады».

Ш.А. Амонашвили айтуы бойынша: «Баланың 7-9 жас аралығында жедел дамуының көп қызметтері іске асады, сол себептен баланың ойынға деген құштарлығы осы кезеңде өте жоғары. Сондықтан баланың дамуын басқаратын ойын іс-әрекет түріне айналады. Ойында баланың адамдарға, қоршаған ортаға жеке тұлғалық қасиеттері қалыптасады».

Балалар ойыны – бұл жасанды, арнайы, саналы түрде ұйымдасқан балалардың ойын қызметі, сонымен қатар ол алдағы өмірге, еңбекке дайындығына бағытталған. Ол ерте білім беру формасының бірі болып келеді, ойын оқу үдерісінің негізгі құралы - балалардың алдағы өмірге дайындығы, деп айтуға болады. Ойынның маңызды мақсаты: өзін ашық айқын көрсете білуі. Әр бала рольде ойнаған кезде өзіне тән мінез-құлықпен, іс-әрекетпен көрінуі тиіс. Осы ережені әр бала мойындап, орындайды.

Ойынның негізгі ерекшелігі: ол балалардың қоршаған ортаны – адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін, олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады.

Ойын:

- бала ортамен тығыз байланыста болады;
- баланың дүниетанымын, іс- әрекетін шындайды;
- бала белсенділігі артып, ережені өзінше меңгеріп, оған аса көңіл аударады;
- баланың ішкі сезімдері анық көріне бастайды;
- балалар ұжымын ұйымдастыруға, мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Ойынның атқаратын қызметтері:

- көңіл көтеру, жандандыру;
- қызығушылығын арттыру;
- коммуникативтік: сөйлеу тілін ұстарту;
- ойын терапиясы: өмірде кездесер түрлі қиындықты жеңу жолдарын көрсетеді;
- диагностикалық: қалыпты тәртіптен ауытқуды табу, ойында өзін-өзі тануға көмектесу;

- әлеуметтік: адамдарды қарым-қатынас нормаларына бейімдеу.

Адамның жан дүниесінің дамып жетілуі, әлеуметтік өмірге бейімділік тіршілік етуі әр түрлі іс-әрекеттермен шұғылдану барысында қалыптасады. Сондай әрекеттердің бір саласы – ойын әрекеті. Баланың психикалық даму үдерісінде ойын әрекетінің тағылымдылық және тәрбиелік маңызы осы заманғы тәлім-тәрбиелік психологиясында өзекті мәселе болып саналады. Ойын әрекетінде баланың денесі мен ақыл-ойы дамып, өзін қоршаған ортаны тани біледі.

Ойын мектеп қатарындағы балалар үшін де жат жағдай емес. Жалпы бала өмірде ойын арқылы есейеді, ойын ойнау бала өмірінің ең қызықты кезеңі деуге де болады. Соған сай балалардың да өз жас ерекшеліктеріне байланысты ойындарды таңдап алуға болады. Шет тілі сабақ үстінде өткізетін ойындардың өткізу түрі:

- жалпы
- топтық
- жекелей.

Шет тілі сабақын өткізу барысында ойын баланың көңілін өсіріп, ойын сергітіп қана қоймай, сонымен қатар оның таным түсінігі артады және бір-бірімен тіл табысып, ұғынысады. Ептілікті, тапқырлықты үйренеді. Ойын түрлерін сабақтың әр кезеңдерінде, тақырыбына қарай мұғалім өзі таңдап алып, қолданып отырады. Ойынды әр сабақта пайдалану міндетті емес. Ойын түрлері сабақты қызықты өткізуге, оқушылардың сабаққа ынтамен қатысуына, өз бетімен жұмыс істеуіне, өздігінен қорытынды жасауына жол ашады.

Ойын арқылы сабақ жүргізу барысында мұғалім тақырыпқа сай ойынды таңдап алғаннан кейін оқушылар мәтінді оқып, ойын ережесімен танысады. Мұғалімнің басшылығымен ойын сыныпта ойналу барысында қатты қадағаланатын нәрсе – сыныпта шу болмауы керек.

Түрлі ойындарды өткізу сөзсіз сабақты жандандырып, қызығушылығын арттырады. Ойын баланың басқа тілде сөйлеу кезінде пайда болатын қысылу, ұялу секілді сезімдерін жояды. Оқушылардың жеңуге деген құштарлығын арттырады. Осылайша ойын түрлері баланың дұрыс сөйлеуі мен тілін дамытуда жетістікке жеткізер жолдың бірі болып табылады. Ойын арқылы бала білімді тез меңгереді.

Шет тілі ойынның тәлім – тәрбиесі қағидалы және методологиялық негіздері, арада үлкен дәрежемен балаларға танымдық және үйренуші ойынының психологиялық аспектілерімен байланысты.

Ойынның қазіргі психологиялық қағидасы аксиома қатарында былай орналасқан:

1. іліммен еңбек ойын қатарында адам қызметінің негізгі көріністерінің бірі, біздің тіршілігіміздің тамаша феномені

2. ойын – балалар үшін, қоршаған әлемнен алған әсерлерді өңдеуге арналған ең қолжетімді әдісі. Ойын баланың қиялдау, ойлау қабілетін ашып көрсетеді, оның сезімпаздығы, белсенділігі, жанасушылықта даму қажеттілігін көрсетеді. Ойын оқушыларда сезімпаздық күйдің пайда болуына себеп, орындалатын қызметіне салмақты қатынас шығаруда, жалпы еңбектілігін жақсартады, бірсарандылықсыз және қапырықсыз бір материалды қайталау.

3. бұл даму үстіндегі кәсіптің түрі, әлеуметтік тәжірибенің пішіндік қалыптасуы, адамның күрделі бір өнері. Бұл баланың алдыңғы қатарлы кәсібі, дамуымен қатар, баланың рухани күйі мен ішкі сезімі өзгереді де, келесі жоғары даму дәрежесіне дайындайды.

4. тұлға тәрбиесінде ойынның маңызы өте зор, өткені ойын балаға тұлғалық сезім бере, сол тұлғасын көрсете дамытады. Оқушыларға өмір жолын таңдауда ойын көп әсерін тигізеді, деген жорамал бар, оған қоса қазіргі қоғамға енуіне көп ықпалын тигізеді.

5. ойын – танымдықты тану әдісі, баланы алуан түрлі ахуалға сүйіндіреді де, баладан жекелікті, ақылдықты, тапқырлықты, өнернаманы талап етеді.

«Ойын» атауы психологияда, білім беру және тәрбиелеуде көп жақты, әрі кең қолданыста не ойын, не ойын емес екені беймәлім. Шындап айтқан Д.Б. Эльконин мен С.А. Шмаков «ойын» сөзі және «ойнау» әр түрлі мағына: әуен туындыларын орындау, тану, пьеса

рөлін орындау деген. Ғылымда ойынның ең жағымды көрсеткіші, шынайы өмірді әшкерлейтін, қағида сақтай, шектеулі жалғасы барын айтады. Сондықтан да ойын оқу мен тәрбиелеудегі әдіс пен пішінді қалыптастырады.

Ойынның маңызды міндеттері: оятырғыш, қызығушы және психологиялық жәй-күй жайлылығы (рахаттану). Бұл қасиет ойынды ойын еместен ажыратады. Ойынның ақпаратты –коммуникативтік қасиетінде маңызы зор. Ойын, жалпы шет тілін өте ақпаратты және баланың өзіне өзі туралы айтып береді. Ол балаға ұжым ішіндегі өз орнын қалыптастыруға көмектесе, араласа, түсінбеушілікті деңгейлестіріп түзетеді. А.С. Макаренконың ойынша, «ойын әрдайым біліммен толықтырылуы керек, баланың әр жақты даму құралы болуы керек, оның алғырлығын, оң сезімдерін шығарып, балалар ұжымының өміріне қызықты мазмұндар толықтырылуы керек». Ал қазіргі технология ойын оқуына сан алуан атқарым қосады, яғни когнитивтік міндет жүктейді.

Мұғалімдік кәсіп пен психологияның ішінде ойынға балалардың әр түрлі әрекеттері мен жаттығу пішіндері жатады. Ойын – бұл жаттығу, оның сипаттамалары: субъективтік маңыздылық, дербестік пен еркінділік, үйлестігі бар, шынайы ақиқат ішінде, бірақ, пайда күнемсіз және сөзбе сөз жаңғыртатын, әрекетті дамыту үшін, не, бір тұлға көрінісін әшкерлеуге жасандылық құру, қолжетістікті бекіту немесе шиеленісті басу үшін. Ерекше эмоцияналдық жан күйімен, оның қатысымен және оның аясында.

Шет тілі ойынында қалыпты құрылым оны басқа әрекеттерден ажыратады. Шет тілі ойынында ең басты құрылым бөлшектері мыналар болып табылады: ойынның түпкі ойы, шарттары, ойын әрекеттері, мазмұны, жабдықтаулар, ойын нәтижесі.

Шет тілі ойынның құрылым бөлшектеріне анығырақ көңіл аударсақ. Ойынның түпкі ойы – бірінші құрылым бөлшегі. Атап айтсақ, ол ойын атауында аңғарылады. Ойынның түпкі ойы сол есепте немесе есеп жүйесінде орналасқан, оны ойын мезгілінде шешу қажет. Ойынның түпкі ойы жиі сұрақ ретінде көрнектеледі, ойын қозғалысын жобалай келе, немесе жұмбақ ретінде. Дегенімен, ол ойынға тек ойын – саулық емес, сонымен қатар танымдық пейіл береді, ойын қатысушыларына талап ететін шарт орнатып, яғни білімге қатынасын.

Қандай да болмасын ойында шарт орнатылған, оларды әрекет ретімен орналастырады, оқушылардың тәртібіне ойын мезгілінде қоршаған ортаны еркін, бірақ жұмыс күйінде ұстауға болады.

Шет тілі ойынның негізі оның мазмұны болып табылады. Мазмұнға ойында қойылған есептерді шығару кезінде пайдаланылатын білімдерді түсіну, бекіту, қайталау, сондай-ақ шет тілге өз қабілеттерін, шағырмашылық қабілеттерді көрсету кіреді.

Шет тілі ойынның жабдығына түрлі көрнекілі құралдар, тарату материалдары, яғни ойын, оның конкурстарын өткізу кезінде қажетті құралдар жатады.

Шет тілі ойын белгілі нәтижеге ие, ол ойынның соңы болып табылады, ойынды аяқтайды. Біріншіден, ол қойылған есепті шешу нысанында, оқушылар алдында қойған ойын мақсатына жетуде көрінеді. Ойынның алған нәтижесі оқушыларға моральды және ақыл қанағаттануды береді. Мұғалім үшін ойынның нәтижесі білімдерді меңгеруде және оларды пайдалануда оқушылардың жетістіктері деңгейінің, шет тілге қабілеттерінің, шет тілге қызығушылықтың болуы көрсеткіші болып табылады.

Ойынның барлық құрылымдық элементтері өзара байланысты. Біреудің болмауы ойынды бұзады. Ойын ойы мен ойын әрекеттері, ойынды ұйымдастыратын ережелері болмай, шет тілде ойын мүмкін емес немесе өз ерекше нысанын жоғалтады, жаттығулар мен тапсырмалардың орындалуына айналады. Барлық ойын элементтерінің үйлесімділігі және оларды өзара әрекеттесуі ойынның ұйымдасушылығын, тиімділігін арттырады, күтілетін нәтижеге жеткізеді. Осындай ойын оған қатысу ниетін білдіруге себепші болады, оған жағымды көзқарасты оятады, танымдылық белсенділік пен қызығушылық арттырады.

Қортындыла келе, ойын оқытуды ұйымдастыру нысаны ретінде, әдеттегідей, мұғалімдермен оқушылардың жастық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, өзінің кәсіптік қағидаларына, оқыту үдерісінің мақсаттарына, міндеттері мен мазмұнына орай, вариациялық, интеграциялық және шығармашылық түрде қолданылады.

Оқыту үдерісінде ойынды қолданылатын мұғалімдер мен оқытушылар үшін мынадай ұсынымдар әзірленген:

1. Біріншіден, оқытудың ойын түрлерін таңдағанда асықпауға және жекелей әрекет етуге болмайды. Сондай-ақ, өзге ойындарды тисті түрде тексермей, өткізуге болмайды. Әріптестермен және жақсы ойнайтын балалармен ойнап, оқыту ойын нысандарының тиімділігі мен тартымдылығына көз жеткізу керек.

2. Екіншіден, әзірленген ойындарды бірден сыныпта пайдалануға болмайды. Әдетте, ойын ең қызықты жерде кенет тоқталады да, ешқандай қалпына келтірілу ойынның бұрыңғы барысын қайтарыла алмайды. Осыған қол жеткізбеу үшін, әріптестермен қайта пысықтау керек, қандай қиыншылықтар болған анықтау керек, әсіресе, ұжымдық ойындарда, оқушылардың арасынан ойында бас көмекші кім бола алатынын қайта тексеру керек.

3. Үшіншіден, ешкімді және ешқашан ойынға мәжбүрлеуге болмайды. Арбитр алдында барша адамдар тең және бәрі де ерікті ынтымақтастық негізінде құрастырылады.

4. Төртіншіден, балалардың қалауынша ойнауға болмайды. Бұл ретте, ойын қаншалықты күлкілі және көңілді болса да, қатандықтың және талаптылықтың сыртқы белгілерін сақтау керек.

Сөйтіп, дидактикалық ойынның оқыту мүмкіндіктерінің ерекшелігі ойын белсенділігі оқыту әдісі болып табылатынын көрсетеді, бұл әдіс дәстүрлі әдіспен салыстырғанда, келесіден тұрады:

«Ойын барысында оқу жағдайларына қатысушылардың бірлескен күштерімен туындаланатын және шешілетін оқу қызметі қозғалысының негізгі заңдылықтары қайта құрылады». Басқаша айтқанда, «оқыту үдерісі іс жүзіндегі практикалық өмір-тіршілікке жақынданған. Бұған ойындарда нақты әлеуметтік-экономикалық қатынастардың модельдерін пайдалану арқылы қол жеткізіледі».

«Ойын оқыту әдісі теориялық білімдерді операцияландыру, оларды қызмет контекстіне аудару жөніндегі арнайы ұйымдасқан қызмет болып табылады. Дәстүрлі оқыту әдістерінде талап етілетін өзгерісті жүзеге асыру қабілеті бойынша дайындығын ескермей, әр оқушыға берілетін нәрсе, ойында әдіс мәртебесіне ие болады. Ақпараттың механикалық толықтырылуы емес, адам шындығының кез келген саласының қызметтік пәнге бөлінуі өтеді».

Шет тілден оқу сабақтарын ұйымдастыру әдісі ретінде дидактикалық ойында өзінің мақсаттары, міндеттері мен функциялары бар. Дидактикалық ойындарға қойылатын барлық талаптардың сақтауы шет тілден оқу жұмысына көп оқушыларды қатыстыру, шет тілге деген танымдылық қызынушылығын пайда болу жөніндегі жақсы нәтижелерге жету мүмкіндік береді.

РОЛЬ ЭТНОКУЛЬТУРНЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ В СОХРАНЕНИИ НАРОДНЫХ ТРАДИЦИЙ КАК ЦЕННОСТИ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

*Омарова Диана, Тюрина Анна
КГПИ, 2 курс, специальность «Математика»
Научный руководитель: Шумейко Т.С.,
к.п.н., и.о. доцента кафедры педагогики*

В настоящее время возрастает интерес к народной культуре, к народным традициям. Национальные традиции являются ценностями не только для народа, но и для педагога, для образования в целом, так как играют значительную роль в трансляции социо-культурного опыта, способствуют сохранению и изучению языков народов, населяющих Казахстан, укреплению межнационального согласия и культуры межнациональных отношений.

Специфика Казахстана определяется полиэтническим и многоконфессиональным составом населения. В республике проживают представители многих наций и